КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 желтоқсан №2301-25-00-2/3209 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы Ж.Сапиоллаева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Құрманғазы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «WEST QAZ» Мирхан Мендиханович Тажибаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.Калиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 31 шілдеде тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №61 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға техника үшін мойынтірек тобын жеткізу қызметі шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген. Міндеттемені орындау мерзімі 2025 жылғы 30 тамызға дейін. Шарт біржақты 2025 жылғы 13 тамызда бұзылған.

Талап қоюшы сотта жеке кәсіпкер «WEST QAZ» Мирхан Мендиханович Тажибаевқа талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, шартты бұзуды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

2025 жылғы 17 желтоқсандағы соттың ұйғарымымен талаптың шартты бұзу туралы бөлігі қараусыз қалдырылды.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі С.Калиев талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін, шарт бұзылғанын көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2025 жылғы 11 қарашада жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 196, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Құрманғазы орман және жануарлар дүниесін қорғау

жөніндегі мекеме» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «WEST QAZ» Мирхан Мендиханович Тажибаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «WEST QAZ» Мирхан Мендиханович Тажибаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «WEST QAZ» Мирхан Мендиханович Тажибаевтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2026 жылғы 26 қаңтарда енді.
Судья А.Б.Саудабаев